

Ауыл көшелеріне атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы әкімдігі Аязхан Қалыбеков ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 10 қыркүйектегі N 1 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Әділет басқармасында 2009 жылғы 9 қазанда N 14-7-95 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармақшасына сәйкес және аумақ халқының пікірін ескере отырып, А.Қалыбеков ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. А.Қалыбеков ауылдық округіне қарасты:
Жаңа жол ауылындағы атауы жоқ көшесіне Игілік;
Прогресс ауылындағы атауы жоқ көшесіне Серікбай Ысқақов;
Үлгілі ауылындағы атауы жоқ көшесіне Орда;
Октябрьдің 40 жылдығы ауылындағы атауы жоқ көшесіне Арай деген атаулар
б е р і л с і н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз құзіретіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округі әкімі:

Ж. Сатбаев